

Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін анықтау тәртібі және босқын деп тану туралы өтініш-хат білдірген адамдармен жұмыс істеу жөнінде НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігінің бұйрығымен бекітілген 1998 жылғы 27 мамыр N 22. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 15 маусымда тіркелді. Тіркеу N 519. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 20 қарашадағы N 273-ө бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007.11.20. N 273-ө (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы аумағында босқындықты тану Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 204-1 заңына сәйкес бұдан әрі өкілетті органдар - облыстардағы көші-қон және демография басқармалары арқылы, Алматы және Астана, жергілікті өкілетті органдар қызметтері арқылы жүргізіледі.

2. Босқындар мәртебесін анықтау тәртібінде алғашқы ретте шетелдік азаматтық жазба арызы немесе Қазақстан Республикасының азаматы еместігі туралы өтініші негіз бола алады.

3. Босқындар мәртебесін анықтау тәртібінде ескерілетін жәйттер:

- өтініш беру, анкеталарды толтыру;
- өтініш иесімен кеңесу;
- арыз берушінің келтірген деректерінің сенімділігін тексеру;
- өтініш берген босқынды тану (мойындау) немесе қабылдамау туралы шешім шығару.

Қазақстан Республикасы аумағында босқындарды тану жөнінде түсінік

4. Өкілетті органдардың жергілікті өкілдері арыз берушінің құқығы, міндетімен жазбаша мазмұндап таныстыруға міндетті. Бұдан өтініш беруші босқындарды тану тәртібі туралы қажетті түсініктерді алуы тиіс.

Босқындықты тану туралы өтініш білдірушінің өзін куәландыратын құжаттарды, отбасы мүшелері туралы анықтамасын қабылдау сәтінде өзімен бірге болуы керек.

5. Босқындықты тану туралы өтініш хат беруші алғашқы қабылдау сәтінен бастап, тиянақты, соңғы шешім шығарылғанға дейін Қазақстан Республикасы аумағында тұруға құқылы.

6. Арыз берушіні тізімге алу жергілікті өкілетті орындардың қызметкері тарапынан оның берген мәліметтері негізінде жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасында жеке адамды, босқындықты тану туралы өтініш хат бергендердің талап тілегін қанағаттандыру немесе қабылдамау "Халықтың көші-қоны туралы" заңы мен халықаралық құқық қалыптарына сәйкес жүргізіледі.

Өтініш хат беруші жеке адамдармен әңгімелесу

8. Өтініш хат берушімен одан қосымша толыққанды ақпараттар алу мақсатында және дәлелдері мен мәліметтерінің сенімділігін бағалау үшін білікті мамандар жергілікті өкілетті орындардың қызметкерлері тарапынан әңгіме өткізіледі.

Әңгімелесудің негізгі мақсаты-арыз берушіден толық мәлімет алу, заңға сәйкес босқын туралы тұрақты анық шешім қабылдау.

Өтініш берушінің отбасы мүшелері туралы және өзге де мәліметтері, оның көшу себебін анықтауға Қазақстан Республикасынан баспана беруге негіз болады. Анкетаға басқа материалдарына қоса құжаттарының көшірмелері де тіркеледі.

Алғашқы әңгіме арызды қабылдау және анкеталық сұрақтарды толтыру кезінде-ақ жүргізіледі. Деректерге анықтама кіргізу үшін анкетаны толықтыру ұсынысымен қайта әңгіме өткізуге болады, бірақ, мерзімі бір айдан аспауы тиіс.

9. Әңгімелесу барысында:

а) өтініш беруші міндетті:

- жергілікті өкілетті қызмет орындары сенімді мәліметтер алуы үшін дұрыс, шын сөйлеуге;

- өз деректерін кепілдендіру үшін өзінде бар барлық көрсетпелерді беруге;

- анкетада көрсетілген өткеніне байланысты қажетті деректердің ұсақ-түйегіне дейін қалдырмай айтуға;

ә) жергілікті өкілетті қызмет орынының өкілі міндетті:

- талап етілген барлық сұрақтарға баяндау сәтінде толық, анық жауап алу;

- өтініш беруші деректерінің объективті және субъективті тараптарын байқап, жауаптарының растығын бағалау, таразылау;

- босқындар мәртебесін анықтауға байланысты халықаралық Заң негізімен, әрекет етіп тұрған құқық ережелермен салыстырып отыру;

10. Арыз беруші жеке адамдармен әңгіме сыр сақтауға лайықталған үйде өткізіледі.

Өтініш берушінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында қызығушы қорғаушылардың сөйлесулеріне және төмендегілерге мемлекет тыйым салады:

- өзге адамдардың және егер, арнайы келісілмеген жағдайда туысқандарына
д а ;

- сөйлесуге өкілеттігі жоқ қызметкердің қатысуына (қажетті жағдайда шақырылған тілмәштардан басқа).

Өтініш бойынша шешім қабылдау

11. Босқындықты анықтау туралы шешім жергілікті өкілетті органының тарапынан тізімге алынған отыз күн ішінде шығарылады. Талап етілген деректердің кейбір тексеру барысында көрсетілген мерзім ішінде шығарылады. Талап етілген деректердің кейбір тексеру барысында көрсетілген мерзім ішінде аяқталмаған жағдайда комиссия ҰҚК мен ІІМ көмегіне сүйенеді.

12. Шешім қабылдауда босқындар мәртебесін анықтау тәртібінде жеке адам үшін жасалған шарттарды, "Халықтың көші-қоны туралы" заңдағы көрсетпелер ескеріледі, азаматтық мүмкіндіктерін еліміздің қорғауынан пайдалануға, қудалау, шеттету құрбаны болуға қауіптенуге негіз қалмайды.

Егер, жергілікті жерде көрсетілген шарттар байқалған болса, нақты адамдардан еліміздегі ресми органдар (өнімдіктер) жауап алу үшін Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография агенттігі төрағасы санкциясына жүгінеді.

13. Босқын ретінде танылған жеке адамдарға ішкі істер органдарынан тізімнен өту үшін арнайы бекітілген куәлік беріледі.

14. Босқын екендігі анықталмаған жағдайда белгіленген отыз күн ішінде оған қабылдамау себептері көрсетілген, шешім бойынша шағымдануға қақылы тәртібімен жазбаша түрде ескерту хат тапсырылады.

Босқан ретінде мойындалмағаны туралы шешім бойынша арыз беруші босқындықты анықтау бойынша жоғары өкілетті органдардағы комиссияға немесе ескеру хат алғаннан кейін отыз күн ішінде сотқа шағымдануына ерікті;

Шағымданушы, шағымы туралы соңғы шешім шығарылғанша Қазақстан Республикасының аумағында тұруға құқылы.

Босқын мәртебесін растау

15. Босқын мәртебесі ең әуелі бір жылдық мерзімге беріледі. Босқын мәртебесін бекіткен жергілікті өкілетті қызмет орындары жыл сайын босқындар есебін алып, куәліктерді қайта тізімнен өткеріп барады.

Онымен отбасылық хал-жағдайы, жасайтын жері мен қызметі, тіршілік жағдайы, табыс кірісі, көрсетілген көмек мөлшері сөйлесу барысында анықталып отырады.

Қажетті жағдайда босқындардың жеке іс материалдары қайта қаралады.

16. Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі күшін жояды, егер ол:

- Қазақстан Республикасынан немесе өзге елдің азаматтығын алса;
- басқа елдің босқыны мәртебесіне ие болса;

- Қазақстан Республикасынан шетке тұрақты жасау үшін шығып кетсе;
- қудалау қаупімен көшіп кеткен еліне ерікті түрде қайта көшіп баратын адам;

Босқын мәртебесінен айырылады:

- егер ол босқын екендігін таныған қызмет орыны туралы саналы түрде жалалы деректер жарияласа.

Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасына қабылдау кезінде берген үй-жайы, тағы басқа жәрдемдері қайтарып алынады, барлық шығындар сот қаруына беріледі;

- босқын ретінде таныған қызмет орнының шарттарын орындамаса. Бұл жағдайда еліміздің азаматтық мүлікті қорғау мүмкіндігін пайдалана алмайды, өзі келген елдің азаматтығын қайта алуы қажет немесе азаматтық құқықсыз қалады, өзінің тұрақты жасайтын еліне оралуы керек.

17. Берілген куәлігін жоғалтып алған жағдайда босқын өтініш жазып куәлік берген жергілікті өкілетті қызмет орынына шұғыл хабарласуға міндетті.

Оның арызы бойынша, бір ай мерзім ішінде құжатты жоғалту себептері тексерілген соң, қайта жаңа нұсқасы беріледі.

Құжаттар тізімі

18. Босқындықты тану бойынша жеке арыз берушінің қажетті құжаттарының тізімі:

Қазақстан Республикасының босқындықты анықтау туралы орынына өтініш берушінің естелік жазбасы;

Қазақстан Республикасының босқындықты тану туралы орынына өтініш;

Қазақстан Республикасының босқындықты тану туралы орнының анкетасы;

- аумақтық және өкілетті органдардың шешімі;

- босқын куәлігі;

- ішкі істер басқармасының төлқұжаттық және визалық бөліміне жолдамасы;

- Қазақстан Республикасы аумағындағы босқындықты тану туралы жеке өтініш берушілерді тіркеу кітабы.

Қазақстан Республикасы босқындықты тану туралы өтініш берушіге арналған естелік жазбасы

1. Естелік жазбаны белгілеу

Бұл жазбада босқындықты айқындау туралы өтініш беруші Сіздің құқығың және жеке міндеттің, өтініші негізінде қаралған, қабылданған шешімдер мазмұны жазылады.

Сіз бұл нағыз жазба мазмұнымен мұқият танысып және оның талаптарын қатаң орындауға міндеттісіз.

2. Босқын мәртебесін алу үшін арыз берушінің іс қағаздарын толтыру кезіндегі құқығы мен міндеттері

2.1. Қарау барысында өтініш берушінің мәртебесі.

2.1.1. Келген жері және тұратын орны.

Қазіргі кезде Сіз көші-қон және демография Басқармасының

(жергілікті өкілетті қызмет органы) есепте тұрасыз және осында орнатылған тәртіпке бағынуға міндеттісіз.

Сізге өз өтінішінді қарау мерзімі ішінде Қазақстан Республикасында тұруға рұқсат етіледі, егер Сіз өзге елге кете алмасаңыз, үйіңізге орала алмасаңыз қауіпсіздігіңіз сақталады.

Сіз егер бұрын Қазақстан Республикасында болған болсаңыз, жергілікті өкілетті қызмет органына сөзсіз білдіруіңіз қажет.

Егер, Сіз өтініш берсеңіз, ИБ-ның төлқұжат және рұқсат қағаздар беру бөліміне, өзге де сол түрдегі кеңселерге арыз алмайсыз. Сіздің қарау кезеңінде жергілікті өкілетті қызмет органының келісімінсіз тұрғын мекеніңізді өзгертуіңізге рұқсат етілмейді. Егер, рұқсат алған болсаңыз, онда мекен жайыңыз тез арада хабарлауға тиіссіз. Сіз сонда ғана жергілікті өкілетті қызмет орнына іс-қағаздарыңызды жүргізу мүмкіншілігіңізге ие боласыз.

2.2. Іс қағаздарын жүргізу.

2.2.1. Іс-қағаздарын жүргізудегі қарым-қатынас міндеттілігі.

Сіз жергілікті өкілетті қызмет орнының жазбаларын тексеріп шығуға, іс-қағаздарын толтыруға бар кезде көмектесуге, шақырған кезде даяр болуға міндеттісіз.

2.2.2. Шын сөйлеуге, анық деректер беруге міндеттісіз.

Сіз босқын екендігіңізді дәлелдеу үшін шыншыл көрсетпелер беруге, қажетті жағдайда талап етуге құқығыңыз бар. Сізге жергілікті өкілетті қызмет органы тарапынан қойылған жазбаша және ауызша сұрақтардың бәріне толық, анық жауап қайтаруға тиіссіз.

Жергілікті өкілетті қызмет өкілімен сұқбат кезінде еркін, сескенбей әңгімелесуге еріктісіз.

Сіздің ісіңізді қарауға тек қана жергілікті өкілетті орган қызметкерлері мен Қазақстан Республикасының осы мәселеге қатысты министрлігі және ведомство өкілдеріне рұқсат беріледі.

Сіз Қазақстан Республикасының босқыны мәртебесін алу үшін берген өтінішіңіз бойынша шешім шыққанға дейінгі барлық маңызды құжаттардың баптарымен танысып шығуға құқылысыз.

2.2.3. Жеке басыңыз туралы мәлімет (жеке адам құқығын бекіту)

Сіз жергілікті өкілетті қызмет орнына жеке басыңыз туралы дәл мәліметтерді білдіруге тиістісіз. Жергілікті өкілетті қызмет органы Сізден алынған мәліметтерді тексеріп көруге хақылы.

2 . 2 . 4 . Қ ұ ж а т т а р

Құжаттарды бүлдіруге, жөндеуге, жыртуға тыйым салынады, ол оқуға анық болуы тиіс. Жергілікті өкілетті орган тарапынан құжаттардың жасандылығы, анықтығы сараптамадан өткізілуі мүмкін.

Сіз жергілікті өкілетті органдар талап еткен жағдайда көрсеткен мерзім ішінде қажетті құжаттарды қазақ, орыс тілдеріне аударып беруіңіз керек.

2.2.5. Тәртіп бойынша көмек

Жергілікті өкілетті қызмет органы өкілімен сұхбат кезінде өз есебіңізден тілмаш шақыруға еріктісіз.

2.2.6. Тексерудің ресми шаралары

Жергілікті өкілетті қызмет органы сіздің берген көрсетпеңіз бойынша Қазақстан Республикасының тиісті министрлігі мен ведомствосы арқылы сізге медициналық тексеру өткізуге құқылы.

Одан басқа Қазақстан Республикасының шетелдегі өкілдіктеріне анықтама да б е р е а л а д ы .

2.2.7. Жеке ісімен танысу және шешім бойынша шағымдану

Егер, өтінішіңізді қарауда наразылық жағдай туса, Сіз өз жеке іс қағаздарыңызбен, танысып шығуға құқығыңыз бар. Сіз шешім Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны" туралы заңға қайшы келетінін сезсеңіз , шағымдануға хақылысыз.

3. Іс қағаздарын жүргізу міндетіндегі қылмысты тексеру

Іс қағаздарын жүргізу кезінде жоғарыда көрсетілген міндеттердің ең болмаса біреуі орындалмаған жағдайда Сіздің өтінішіңіз қаралмауы туралы шешім шығарылады. Ондай жағдайда, Сіз біздің ел аумағынан өз еркіңізбен кетуге тиіссіз, қарсылық болған жағдайда елден қуып шығара аласыз.

4. Шешім

Егер Сізде өз өтінішіңіз бойынша босқындық мәртебе алуда іс қағаздарыңызға қатысты сұрақтар болса, өзіңіз тұрған жердегі жергілікті өкілетті қызмет органына жолығуыңыз қажет.

Қазақстан Республикасында босқын деп тану туралы өтініш-хат

(кімге)

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

азамат (азаматша) _____

(қай мемлекеттен)

уақытша тұрғылықты _____

(мекен-жайы)

_____ құрамында _____ адам

Отбасы мүшелері туралы деректер

N	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	туған жері, жылы	туыстық қатысы

Белгілі себептерге байланысты тұрағын тастап кетуге мәжбүр болғандар

Қазақстан Республикасында мені және менің отбасы мүшелерімді босқындар деп тануларыңызды сұраймын.

Өтініш-хат иесі _____

199 __ ж. " __ " _____

Қазақстан Республикасында босқын деп тану туралы
өтініш хат иесінің
анкетасы

1. Фамилиясы, аты, әкесінің аты _____

2. Туған жылы, айы, күні _____

3. Туған жері _____

4. Азаматтығы _____ 5. Ұлты _____

6. Төлқұжаты немесе жеке басын растайтын басқа құжат (аты, сериясы, нөмірі, қашан және кім берген) _____

7. Отбасының жағдайы _____ 8. Отбасының құрамы _____ адам

9. Отбасының өзіммен бірге келген басқа мүшелері туралы деректер:

N	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	дығы	Туыстық жақын.	Туған жылы	Төлқұжаттың нө. мірі, сериясы	немесе жеке ба.	Ұлты	Азамат.
p/c						сын растайтын		тығы

	әкесінің аты			басқа құжат,		
				қашан және кім		
				берген		

10. Мекен-жайы _____

11. Барлық отбасы мүшелері осы көрсетілген мекен-жай бойынша тұра ма? Егер "жоқ" болса, отбасы мүшесінің қайсысы, қай мекен-жайда тұрады, көрсетіңіз _____

12. Сіздің отбасының 18 жасқа толған мүшелерінің төлқұжаты бар ма ?

_____ (и ә / ж о қ)

Егер "жоқ" болса, кімде жоқ және не себептен жоқ екенін көрсетіңіз

13. Сіз және Сіздің отбасы мүшелері қашан және қай мемлекеттен келді, _____
с е б е б і :

14. Егер Сіз азаматы болып табылмайтын мемлекет аумағынан келсеңіз, сол жақта босқын мәртебесін алу туралы өтініш бердіңіз бе? _____

15. Сіз және Сіздің отбасы мүшелері қай тілді біледі _____

16. Сіздің және Сіздің отбасы мүшесінің мүгедектігі бар ма _____
(иә/жоқ)?

Егер "иә" болса, кім және қай топтағы мүгедектік екенін көрсетіңіз

17. Сіз және Сіздің отбасы мүшелері сол мемлекетте әскерге шақырылу немесе шарт бойынша әскери қызметте тұра ма _____ (иә/жоқ)? Егер "иә" болса, кім және қашан әскери қызметте болды _____

18. Сіз және Сіздің отбасы мүшелері қылмыс жасағаны үшін қылмысты жауапқа тартылды ма _____ (иә/жоқ)? Егер "иә" болса, кім, қашан,

қай соттың үкімімен және қанша мерзімге сотталған _____

19. Сіздің отбасыңыздың Қазақстан Республикасында туыстары бар ма _____ (иә/жоқ)? Егер "иә" болса, туыстық жақындығы мен тұратын жерін көрсетіңіз _____

20. Көшіп келуге лайықты жер (қала, облыс, аудан, елді мекен көрсетілсін) _____

21. Отбасы мүшелерінің қайсысы, қандай мамандықты меңгерген _____

22. Бұрынғы тұрған жеріңізге қайтадан көшіп баруды ойлайсыз ба _____ (иә/жоқ)? Егер "иә" болса, оның себебін және қайту шартын көрсетіңіз _____

23. Дәрігерлік мекемелердің Сіз және Сіздің отбасы мүшелерінің қандай созылмалы аурумен ауырғаны туралы берген анықтамасы _____

24. Сіздің балаларыңыздың қайсысына, қандай алдын алу егулері жасалған _____

25. Сіз Қазақстан Республикасында болдыңыз ба? Егер "иә" болса, келген мақсатыңыз бен уақытын көрсетіңіз _____

26. Хабарлауға қажетті деп санайтын қосымша деректеріңіз _____

Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін ұсынғаны туралы өтініш хат иесінің естелік жазбасымен таныстым және осы анкетада мен туралы хабарланған деректер толық және дұрыс деп ресми түрде мәлімдеймін.

199 _ ж. " _ " _____

Өтініш жасаушының және онымен бірге келетін (келгісі келетін) от. басының жасы кәмелетке толған мүшелерінің (фа. милиясы, аты, әкесінің аты көрсетілуі керек)

қолдары _____

Анкета 199 _ ж. " _ " _____ өткізілді.

Анкетаны қабылдаған мекеме _____

Өтініш хат иесінің берген арызының дұрыстығын анықтау:

Анкетаны қабылдаған адамның лауазымы _____
(ф а м и л и я с ы ,

аты, әкесінің аты)
199 _ ж. " _ " _____

_____ (қолы)

М.О.

Көші-қон және демография жөніндегі басқарманың
ШЕШІМІ

199 _ ж. " _ " _____ N _____

Көші-қон және демография жөніндегі басқарма Қазақстан
Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" заңына сәйкес

босқын деп тану туралы шешім қабылдады:

Басқарманың бастығы _____ М.О.

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография
жөніндегі агенттігінің

ШЕШІМІ

199 _ ж. " _ " _____ N _____

Көші-қон және демография жөніндегі басқарма Қазақстан
Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" заңына сәйкес

босқын деп тану туралы шешім қабылдады:

Төраға _____ М.О.

Фамилиясы _____

Аты-жөні _____

Әкесінің аты, тегі _____

Туған жері, күні _____

айы, күні _____

Азаматтығы _____

Қазақстан Республикасының қорғауында тұратын босқынды
куәлендіреді мына мекен-жайда тұрады _____

Куәліктің күні бар:

Жөніндегі _____

Куәлік берілетін орын және күні, айы, жылы " __ " _____ 199 _ ж.

Көші-қон және демография жөніндегі
басқарманың бастығы _____

Тіркеу N _____

Суреттің
орны

Босқынның қолы _____

Босқынның отбасы мүшелері:

Фамилиясы, аты, тегі	туыстық қатысы	Туған жері, жылы, айы, күні
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

Куәлік ұзартылды:

жөнінде _____

М.О.

Қолы _____

жөнінде _____

ҚОЛЫ _____
жөнінде _____
Қолы _____

М.О.

М.О.

ішкі істер министрлігінің
төлқұжат және рұқсат

қағаздарын беру басқармасы

199_ ж. " __ " _____

N _____

ЖОЛДАМА

Осы жолдама Қазақстан Республикасының аумағында босқын деп танылған

_____ (фамилиясы, аты, тегі)

_____ және оның
өзі мен отбасы мүшелері _____

_____ келген

(қай мемлекеттен)

төлқұжат тіркейтін мекен-жай: _____

бір ай мерзімге.

Көші-қон және демография

басқармасының бастығы _____

Қазақстан Республикасының аумағында босқын деп тану туралы
өтініш хат берген адамдарды тіркеу

Ж У Р Н А Л Ы

	Туған жері,	Отбасы	Шешім		
N	Фамилиясы, аты	жылы, айы,	Азаматтығы	кұрамы	кабылда.
	әкесінің аты	күні		(адам)	ған күн
1	2	3	4	5	6

Куәлік берген күн, N	Куәлік не. месе шешім алған күн. нің уақыты және қолы	Қайта тіркеу күні	Есептен шығару	Ескерту
7		8	9	10
				11